

# Мұміндердің Анасы – Сафия Хайтайқызы (Аллаh оған разы болсын) Қиссасы

قصة أم المؤمنين صفية بنت حيي رضي الله عنها

<Қазақ тілі – Kazakh – كازاخ>



авторлық

Исмаил бин көптеген



فريق اللغة الكازاخية بموقع دار الإسلام

Islamhouse.com сайтының қазақ тілі бөлімшесі

**«Сен – пайғамбардың қызысың, сенің атаң – пайғамбар және сен – пайғамбардың әйелісін. Дәреже тұрғысында сенімен кім таласа алады?»**

Сафия (Аллаһ оған разы болсын): «Кинана ибн Рабиғпен алғашқы неке түнімде, түсімде Мәдинадан шыққан Айдың аспан көгімен менің төбеме жылжып келіп, сәулесін шашып тұрғанын көрдім. Оянған соң түсімді күйеуіме айттым. Ол ашуланып: «Бұл сенің Мұхаммедке жақын болғың, оның әйелі болғың келетіндігінен басқа еш нәрсені білдірмейді», – деп бетімнен салып қалды. Жүзімде әлі күнге дейін сол соққының дағы қалған», – деген.

Діндар да, иманды мұміндердің анасы Сафия Хайтайқызы, Яғқуб пайғамбардан (аләйхис-сәләм) тараған бәну надир тайпасынан еді. Сонымен қатар оның ата-тегінің Мұсаның (аләйхис-сәләм) ағайыны Һарун ибн Имранға да (аләйхис-сәләм) тікелей қатысы бар еді.

Анасының есімі – Бәрра Самаууалқызы.

Сафия тұтқынға түскеннен кейін Аллаһ тағаланың оны тұра жолға салуымен ол Исламды қабылдап, өзінің жас сеніміне жан-тәнімен беріледі. Исламды қабылдамай тұрып, Аллаһтың елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дейін Сафия екі рет тұрмысқа шыққан-ды. Алғашқы күйеуінің аты Сәлмә ибн Мишкам, ал екінші күйеуінің есімі Хайбар қамалының иесі Кинана ибн Рабиғ еді. Екі рет тұрмыс құруы да Сафияның тайпасы үшін бейбіт өмірді сактаудың жолы болады, өйткені сол уақытта яһудилер мен олардың тайпаларының арасында ежелден келе жатқан дүшпандық қеңінен орын алған-ды.

Яһудилер Пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келісімшарт бекітіп, артынша өздері оны бұзатын, құлық-сұмдыққа барып алдайтын, бір сөзбен айтқанда, Аллаһтың нұрының жарығын сөндіру үшін бәрін істейтін. Ақырында Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл зұлымдыққа нұкте қоюға және мұсылмандарды олардың айла-шарғысынан құтқару үшін қалың қол әскермен яһудилерді шабуылдауға шешім қабылдайды.

Мухаррам айында, һижра жыл санауымен 7-жылы Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әскері араб түбегіндегі яһудилер қамалына бет алады. Бұл қорған оңаша орын тепкен берік қамал болатын. Онда яһудилер құлық-сұмдықтарын ұйымдастырып, өтіріктің жалынын маздататын.

Таңертең Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ерте оянып, Аллаһқа мақтау айтып, жәрдем тілейді. Сол күні жарық пен қараңғылықтың, ақиқат пен жалғаның, иман мен күпірдің арасында үлкен шайқас жүрді. Сөйтіп, жарық қараңғылықты жойып, ақиқат жалғаннан үстем келіп, иман күпірді женеді. Бұл шайқас Ислам тарихында «Хайбар жорығы» деген атпен қалған болатын.

Жорықта бәнү надир тайпасының көп адамдары тұтқынға алынады, олардың арасында Сафия мен оның күйеуі Кинана ибн Рабиғ та бар еді. Сол кезде Сафияның жасы бар-жоғы он жетіде болатын.

Сахабалар Аллаһ елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тұтқынға Хайбар қамалының иесі алынғандығын мәлімдейді. Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оны алдына әкелуді бұйырады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кедейлер мен мұқтаждарға үлестіріп беру мақсатында одан қамалындағы қазына-байлықтың қайда екенін сұрайды. Бірақ Кинана қазынаның орнын айтудан бас тартып: «Қамалда мұлдем қазына жоқ», – деп жалтарады.

Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

– Егер біз оны тауып алсақ, сені өлім күтіп тұр, осыған келісесің бе? – дейді.

Кинана:

– Иә, – деп жауап береді.

Мұсылмандар Кинананың тығып тастаған қазына-байлығын тауып алады, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Кинананың өтірік айтқандығын біліп, оны сахабасы Мұхаммед ибн Мәслемәға (Аллаһ оған разы болсын) жібереді. Шайқаста яңудилер Ибн Мәслемәнің бауырын өлтірген-ді. Осының ызасымен ол Кинананы соққыға жығып, оған кесілген үкімді орындаиды.

Ал тұтқынға түскен әйелдер Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) азаншысы Біләлдің (Аллаһ оған разы болсын) қарауында еді. Олар жылап, бақырып-шақырып, айқайлап шу шығарумен болғанда, жалғыз Сафия ғана үнсіз мұңайып, ішінен тынатын. Оның мөлдір жанарынан аққан жас та білінер-білінбес-ті. Оның бұл халі Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қоңырлін аударады. Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Сафияның жанына таяп келіп, Біләлдан оны босатуын сұрайды. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Сафияның жүрістүрьесінің қарапайымдылығы, түсінігі мен сабырлылығы ұнайды.

Әнәс ибн Мәліктің (Аллаһ оған разы болсын) айтудынша, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Сафиядан иманға келіп, өзінің әйелі болуға қалай қарайтындығын, келіспесе, бостандыққа жіберетінін айтқанда, ол:

«Уа, Аллаһтың елшісі! Әрине, қалаймын, тек егер Аллаһ пен Ислам маған ол үшін ерік берсе. Яңудилікте мен үшін мақсат жоқ. Онда мен үшін әке де, бауыр да қалмады. Маған иман мен күпірдің арасына таңдау тастанадың. Мен Исламды сен үйленуге ұсыныс жасамай тұрып-ақ қабылдағанмын. Аллаһ пен Оның елшісі маған бостандыққа шығып, қауымыма оралғанымнан жақсырап», – деп жауап береді.

Үйленгеннен кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оған:

– Аллаһ өлтіргенше әкен маған яһудилердің ішіндегі ең қаскөйі болып өткен еді, – дегенде, Сафия:

– Ya, Аллаһтың елшісі! Аллаһ кітабында: «**Ешкім басқаның қунәсін көтермейді**» («Исра» сүресі, 15-аят) деген ғой, – дейді. Аллаһ оған разы болсын!

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинаға қоныс аударғанда, Сафияның әкесі Хайтай ибн Ахтаб Мәдинада болатын. Ол өз тайпасының көсемі еді.

Сафия:

«Кішкентай кезімде әкемнің немере ағам Ясирмен сөйлесіп жатқанын естідім. Әкем одан:

– Жіберілген пайғамбар осы ма? – деп сұрады. Немере ағам:

– Иә, – деп жауап берді.

– Оны қайдан білдің? – деп сұрады әкем. Ол:

– Ишара етілген барлық белгілер сәйкес келеді, – деді. Әкем:

– Енді қандай шешімге келдің? – дегенде, ол:

– Оған өле-өлгенше қастық қылуға байлам жасадым, – деді. Мен бұлар айтып жатқан кісі пайғамбар болса, неге онда оны жек көреді деп ойладым», – дейді.

Осы сәттен бастап Сафияның жүргегінде Аллаһтың елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) деген махабbat оянады.

Олар үйленіп, Мәдинаға бірге оралады. Мәдина халқы мұсылмандардың үлкен жеңісі мен Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жас сұлу Сафияға үйленгендігіне қуанышты еді. Үйленгеннен кейін Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Сафия өзінің Кинанаға тұрмысқа шыққанда алғашқы неке түні түс көріп, түсінде оған Айдың жылжып келіп, сәулесін шашқандығын, кейін ол түсін оянған соң күйеуіне айтқанда, ол бірденелерді шатып, жұдырық жұмсағанын, сол соққыдан жүзінде дақ қалғандығын айтқанда, Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оған жаны ашып, аяушылықпен қарап, Мәдинаға қайтып келе жатқанда, Сафияның жол бойы неге өзінен алшақ жүргендігін сұрайды. Сонда Сафия: «Ya, Аллаһтың елшісі! Мен сен үшін қатты қорықтым, яһудилер біздің жанымызда еді, менің

кесірімнен саған олардың зияны тимесе екен деп, сенен біршама алшақ жүрдім», – деп жауап қайтарады.

Мұны естіген Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оған сүйіспеншілікпен көз тастайды.

Мәдинаға кіргенге дейін олар (Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бен Сафия) шымылдықты күймеде болады. Екеуі бірге түнегенде, Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабасы Әбу Айуб Халид ибн Зэйд (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымызды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) таң атқанға дейін бақылап, қарауылдаумен жүреді. Таңертең Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) одан неге өздерін күзеткендігін сұрағанда, Әбу Айуб:

– Да, Аллаһтың елшісі! Мен, шынында, сен үшін қатты қауіптендім. Бұл әйел саған зиянын тигізуі мүмкін еді, сен оның күйеуі мен тайпаластарын өлтірттің емес пе? – дейді.

Сонда Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

– Ей, Әбу Айуб! Мені осы тұні күзеткеніңдей, Аллаһ рақымымен сені де, басқа мұсылмандарды да яһудилердің зұлымдығынан сақтасын, – деген (Ибн Сағд, Табақат: 121-123).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұлайша дұға қылуының себебі, яһудилер Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мен мұсылмандарға небір зұлымдықтар істейтін. Бірде Зәйнәб Харисқызы деген яһуди әйел Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдына қойдың піскен етін әкеліп, дастарқан жасайды. Сол кезде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қасында тағы бір сахаба отырған еді. Әкелген етті сахаба жей бастайды, ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), әйтеуір, жегісі келмейді. Етті жеген сахаба сол жерде-ақ жантәсілім етеді. Кейін Зәйнәбтан неге Аллах елшісін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) улап өлтіргісі келгендігін сұрағанда, ол: «Мен сенің пайғамбарлығыңың ақиқаттығын тексергім келді, егер сен шын мәнінде пайғамбар болмай, етті жегенінде, біз сенен құтылар едік», – деп жауап береді.

Дегенмен де Сафия Зәйнәб сиякты емес еді. Иманды, тақуалығы сондай, оның жүрегі иман мен Ислам нұрына толы болды.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Сафиямен Мәдинаға жеткенде, оны өз үйіне апармастан сахаба Харис ибн Нуғманның (Аллах оған разы болсын) үйіне түсіреді. Сафияны көруге мүміндер аналарының көршілері, сонымен қатар басқа да мәдиналық әйелдер келеді. Барлығы Харис ибн Нуғманның үйінің айналасында жиналышп, Сафияның бір көрінуін күтеді. Олардың арасында Айша да (Аллах оған разы болсын) бар еді.

Бір кезде Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Айшаның Христің үйіне кіріп бара жатқандығын байқап қалып, оны қарсы алып, көйлегінен өзіне қарай тартып:

– **Сен кімді көрдін?** – деп сұрайды.

– Ол яңуди ғой, – деп жауап береді Айша анамыз. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

– **Олай деме, ол Исламды қабылдады,** – дейді (Ибн Сағд, Табақат: 8/126).

Айша Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басқа әйелдеріне жаңа түскен әйел жайлыштып келеді.

Сафия Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйінде салмақты, сабырлы қалпын сақтай білген. Ол ақиқатты танып, жүргегіндегі яңудилік ұлттық сезімді иманға жендеріне біледі. Сафия яңудилердің мұсылмандарға қарсы айла-шарғы жасап, құлық-сұмдық істейтіндерін білетін.

Сафияның иманы күннен-күнгө қүшіле түседі. Әйтсе де адамдардың оның сыртынан яңудилігін сөз етуі доғарылмады. Оған қоса Айша мен Хафса оны мысқылдайтын. Осының себебімен Аллаһ тағала ардақты елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Ей, иман келтіргендер! Сендерден бір қауым (басқа) бір (мұмін) қауымды (сыртынан құліп) мысқылдамасын. Өйткені олар (мысқылдаушылардан) қайырлы шығар. Және әйелдер де (басқа) әйелдерді (кемсітпесін). Бәлкім, (кемсітілген әйелдер) өздерінен жақсы шығар. Өздерінді (яғни бір-бірінді) кекетпендер де, бір-бірінді (жаман) лақап аттармен атамандар. Иманнан кейін пасықтық есімі қандай жаман. Кім тәубе қылmasа, әне солар – пасықтар»** («Хужурат» сүресі, 11-аят), – деген уахи жібереді.

Осыдан кейін Сафия өзіне ауыр тие-тұғын гу-гу әңгімеге құлақ түруді қойып, көңілі жай табады.

Бірде Аллаһ елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оның үйде жалғыз жылап отырғанының үстінен түсіп, не болғандығын сұрайды. Сафия Айша мен Хафсаның оның яңудилігін мысқылдайтындығын жеткізеді.

Сол кезде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

**«Сен олардың өзіңен еш нәрсесімен артық еместігін, өйткені сенің күйеуің – Мұхаммед, ал әкең – Һарун, атаң – Мұса екендігін неге айтпадың?»** (Әт-Тирмизи, Манақиб: 64; Әл-Хаким, Мустадрак: 4/29) – дейді.

Ол бұл сөздерге жұбанып, сабырға келеді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Сафияның яһудилігін бетіне басқаны үшін Зәйнәб Жахшқызын (Аллах оған разы болсын) үш айға жалғыз тастап қойғаны жайлы риуаят та бар. Үш айдан соң ерлі-зайыптылық қатынасын қайта қалыпқа келтіргенде, Зәйнәб қуанғанынан оған (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) күңін сыйлаған екен.

Сафия Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жанында әрдайым бірге болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін, Сафия қалған өмірін өз үйінде онашада, Аллаһқа ғибадат етумен өткізеді. Ол яһуди ұлтынан әрі сұлу болғандықтан, адамдармен арақатынаста аса сақтық жасайтын.

Бірде Сафияға көрші әйел мұміндердің әмірі Омар ибн әл-Хаттабқа (Аллах оған разы болсын) келіп: «Уа, мұміндердің әміршісі! Сафия яһудилердің демалысы сенбі құнді жақсы көреді, ол сол құні яһудилерге ақша, киім үлестіреді», – дейді. Омар естігені туралы Сафиядан сұрағанда, ол: «Мені Аллаһ иманға келтіргелі, сенбіні жұмадан артық көрмеймін, ал яһудилерге келсек, олар – менің қандастарым», – деп жауап берген. Кейін Сафия көрші әйелге барып, неге Омарға олай дегендігін сұрағанда, әлгі әйел: «Мені шайтан тұртіп, маған осы ойды салды», – депті. Омар бар шындықты білгеннен кейін Сафияны қайтып мазаламаған.

Аллаһ елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қазасынан кейін, Сафияның өмірі осылайша жалғасып жатады. Ол Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзіне тастап кеткеніне ілесіп күн кешеді, оған қоса қофамдық, саяси мәселелерде табысты еңбек етеді. Жұртшылық Сафияны жақсы көріп, құрметтейтін. Ол басқаларды өзінің қолынан келетін нәрселерге үйретіп, көптеген хадисті жеткізіп кеткен. Осман ибн Аффанның (Аллах оған разы болсын) үйін бүлікшілер қоршауға алғанда, Сафияның оған ас-су әкелгендігі жайлы хабар бар.

Ол һижра жыл санауымен 50-жылды Муғауия ибн Әбу Суфиянның (Аллах оған разы болсын) кезінде дүниеден қайтады. Денесі мұміндердің аналарының қорымы Бақиғқа жерленген. Аллаһ оған разы болсын!